ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

22 тамыз 2023 жыл №7119-23-00-2/8798 іс Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сот судьясы Ғ.С.Төлебекова
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Президенті іс басқармасының «Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі мен Үкіметінің әкімшілік ғимараттары дирекциясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«КУРМАНОВА МАРАЛ ГАЙДАРОВНА» жеке кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану
2. тұрақсыздық айыбы сомасын өндіріп алу

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Президенті іс басқармасының «Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі мен Үкіметінің әкімшілік ғимараттары дирекциясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының жауапкер «КУРМАНОВА МАРАЛ ГАЙДАРОВНА» жеке кәсіпкеріні мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және айыппұл санкциялары өндіру туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

«КУРМАНОВА МАРАЛ ГАЙДАРОВНА» жеке кәсіпкеріні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Құжатқа қол қойылған: Төлебекова Ғ. С., 22.08.2023
Заңды күшіне енген күні: 02.10.2023, судья Төлебекова Ғ. С., 02.10.2023
7119-23-3-1/8786

«КУРМАНОВА МАРАЛ ГАЙДАРОВНА» жеке кәсіпкерінен мемлекет кірісіне 1725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

«КУРМАНОВА МАРАЛ ГАЙДАРОВНА» жеке кәсіпкерінен «Қазақстан Республикасы Президенті іс басқармасының «Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі мен Үкіметінің әкімшілік ғимараттары дирекциясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының пайдасына 164 720 теңге тұрақсыздық айыбы және 4 491 теңге мөлшерінде мемлекеттік баж, барлығы 169 662 (бір жүз алпыс тоғыз мың алты жүз алпыс екі) теңге өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге тараптар және прокурор АПК-нің 267-4 бабының талаптарын ескере отырып, шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья (қолы) Ғ.С.Төлебекова

Құжатқа қол қойылған: Төлебекова Г. С., 22.08.2023

Заңды күшіне енген күні: 02.10.2023, судья Төлебекова Г. С., 02.10.2023

7119-23-3-1/8786